

1-жаттығу

Берілген етістектерді бұйрық райда жекеше және көпше түрде жіктеңіздер.

Тұру, карау, келу, күту, ойнау, жабу, тебу.

2-жаттығу

Берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Давайте сходим в кино. 2. Пусть он расскажет о себе. 3. Иди на урок. 4. Давай я схожу в магазин и куплю продукты. 5. Давай погуляем на улице. 6. Пусть она идет в поликлинику. 7. Давайте пообедаем в столовой. 8. Пусть студенты отнесут книги. 9. Пусть приберут в квартире.

3-жаттығу

Мәтінді диалогқа айналдырыңыз.

Бүгін Айжан үйіне достарын үйіне шақырды. Қал-жағдайын сұрағаннан кейін, Айжан достарын жанұясы мүшелерімен таныстыра бастады. Оларды отбасы мүшелері де жылы қарсы алды. Ең бірінші анасы, содан кейін апайы мен ағасы келіп сәлемдесті. Дастарқанға шақырды. Барлығы дастарқанда басында отырғанда көрші Айгүл апай келіп кірді. Барлығы Айгүл апаймен сәлемдесті. Үстел басына шай ішуге шақырды.